

"Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубы

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие контексінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

Осы рухани-адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбие контексінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама). Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес әзірленді және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім бағдарламалары бойынша оқитын балалар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін айқындайды білім беру.

II. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2. Осы бағдарламаның мақсаты жоғары өнегелі, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік Құзыретті азамат пен патриотты қалыптастыру және дамыту үшін мектепте жағдай жасау болып табылады.

III. Аталған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер қойылады:

- 1) рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиеге бағытталған шараларды іске асыру;
- 2) білім алушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін нығайту;
- 3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімдерін қалыптастыру;

4) білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың, адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

IV. Іс-шаралар кешенін жүргізу үшін тәрбиенің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбие моральдық-этикалық ұстанымдарды қалыптастыруға, әрбір оқушыда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білуге, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне сендіруге, сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық қауіптілігін ұғынуға бағытталған;

3) эстетикалық тәрбие оқушылардың бойында эстетикалық талғам мен қоршаған болмысқа тілектестік және патриоттық қатынасты тәрбиелеуге ықпал ететін өнер, әдебиет туындыларының сұлулығын түсінуді дамытуға бағытталған.

V. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығына және сынып жетекшілігін жүзеге асыратын педагог қызметкерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтауға және нығайтуға, оның

ішінде оқушылардың заң талаптарын сақтауға, білім беру және мәдени деңгейін арттыруға ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсететін және қатысатын "АдалҰрпақ" ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) жалпы білім беретін мектептің тиісті оқу жылына арналған тәрбие жұмысының кешенді жоспары;

2) сынып жетекшілігін жүзеге асыратын педагог қызметкердің тәрбие жұмысының жоспары;

3) "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көзделген жоспарлар мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі тәрбие жұмысының модельдік жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса беріледі).

11. Жоспарларда тәрбие жұмысының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған күнтізбелік іс-шараларды өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары көрсетіледі.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуге азаматтар мен қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

4. "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубтары

13. "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту жөніндегі бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу болып табылады.

14. "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубтары мынадай сипаттағы секциялардан тұрады: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; Мәдени-бұқаралық іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы лекцияларды, "Дөңгелек үстелдерді" және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы ең үздік бейнероликтер, суреттер, шығармаларға арналған іс-шаралар мен конкурстарды ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акцияларды, флэш-мобтарды, диалогтық алаңдарды, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулерді және басқа да әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.